

**«КАСПИЙ  
ҚОҒАМДЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОЛЛЕДЖІ БМ**



**КОЛЛЕДЖ  
УО «КАСПИЙСКИЙ ОБЩЕСТВЕННЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ»**



**БЕКІТЕМІН**

«Каспий қоғамдық университеті» БМ

колледжінің директоры

Ануаш Ж.Д.

09 2024 ж.

**"Каспий қоғамдық университеті" БМ колледжі  
«Білім алушылардың білімін критериалды бағалау туралы»  
ЕРЕЖЕ**

Келісілді

Педагогикалық кеңестің шешімімен

2024 ж "31" 08, № 1

Алматы, 2024

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 31 9 – III Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес "Үлгерімге ағымдық бақылауды жүргізудің типтік ережелерін бекіту туралы", көшпелі және білім алушыларды қорытынды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы", Орта, техникалық және кәсіптік білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы, орта білімнен кейінгі білім беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығына және басқа нормативтік құқықтық актілермен ББ колледжінің "Каспий қоғамдық университеті" құқықтық құжаттарына сәйкес әзірленген.

## 2. СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІН БАҒАЛАУ РЕЙТИНГІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Білім алушыларды даярлау сапасын бағалау екі бағытта жүзеге асырылады:

пәндерді меңгеру деңгейін бағалау және білім алушылардың құзыреттілігін бағалау. Студенттердің барлық оқу пәндері бойынша дайындық деңгейін бақылау, оқу жоспарларына енгізілген пәндер бойынша, бірыңғай 100 балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады.

100 балдық жүйені қолдана отырып, оқу кезеңіндегі пән бойынша студенттердің дайындық деңгейін бағалау мыналардан тұрады:

- студенттің оқу кезеңіндегі жұмысының нәтижелерін бағалау - ең жоғарысы 40 балл.

- аралық аттестаттау нәтижелері (сынақ, емтихан) - ең жоғарысы 60 балл.

Оқу процесін ұйымдастыру әдістемесі студенттің білімін ағымдағы бақылауды 100 балдық жүйе негізінде жүзеге асырудан және оның аудиториялық және аудиториядан тыс (өзіндік) жұмыстарының нәтижелерін бірінші оқу кезеңінің жартысында бағалау және оқу кезеңінің екінші жартысында аудиториялық және аудиториядан тыс (өзіндік) жұмыстардың нәтижелерін бағалау арқылы есептеуден тұрады;

аралық аттестацияны емтихан/сынақ түрінде өткізу;

практика бойынша есептерді қорғау түріндегі аралық аттестаттау (өндірістік/ дипломалды).

Кесте бойынша өткізілетін оқу (аудиториялық) сабақтары барысында жүзеге асырылатын ағымдық бақылау келесі жұмыстардан тұруы мүмкін:

Білімді ағымдық бақылау нысандары:

1. Тестілеу.
2. Жағдаяттық тапсырмаларды шешу.
3. Бақылау-әдістемелік кесінділер жүргізу.
4. Еңбек жағдайларын үлгілеу арқылы кәсіби құзыреттіліктерді орындау.
5. Жұмыс дәптерлеріндегі тапсырмалардың орындалуын тексеру.
6. Өзіндік жұмыстың орындалуын тексеру.
7. Рефераттар.
8. Эссе.
9. Шығарма
10. Диктант
11. Мазмұндама